

Мұғалжар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2019 жылғы 18 шілдедегі № 336 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 шілдеде № 6296 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2023 жылғы 8 қыркүйектегі № 89 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 08.09.2023 № 89 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 25 қарашадағы № 145 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10030 тіркелген бұйрығына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 1 қыркүйектегі № 404 "Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14285 тіркелген бұйрығына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұғалжар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Мұғалжар ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. "Мұғалжар аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мұғалжар аудандық мәслихатының сессия төрағасы

Мұғалжар аудандық мәслихатының хатшысы

Г. Жұмабаева

Р. Мусенова

Мұғалжар аудандық мәслихатының

2019 жылғы 18 шілдедегі № 336

шешіміне

1 қосымша

Мұғалжар ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есеп бірлігіне тиесілі жылдық норма м3
1	Жайлы және жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,85
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,1
3	Қонақүйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,60
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,35
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,60
6	Емханалар	1 келіп кету	0,007
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	0,70
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,25
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,57
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 отыратын орын	0,04
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,03

12	Стадиондар, спорт алаңдары	Жоба бойынша 1 орын	0,04
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,03
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	Сауда алаңы 1 м2	0,33
15	Машиналардан сату	Сауда орнының 1 м2	0,27
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,15
17	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,2
18	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,2
19	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	0,23
20	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,22
21	Жағажайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,04
22	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,15
23	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автомобильге жанармай құю станциялары, гараждар	1 машина-орын	0,51
24	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	0,76
25	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,41
26	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,31
27	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	0,17
28	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	Жалпы алаңы 1 м2	0,04
29	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,02
30	Моншалар, сауналар	Жалпы алаңы 1 м2	0,13

31	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	0,02
32	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,89

Мұғалжар аудандық мәслихатының
2019 жылғы 18 шілдедегі № 336
шешіміне
2 қосымша

Мұғалжар ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері

Атауы	1 м3 тариф (ҚҚС қоса) (теңге)			
	Жинау және әкету	Көму	Кәдеге жарату, қайта өңдеу	Барлығы
Жеке және заңды тұлғаларға (1м3)	885,91	525,94	0	1411,85
1 айға төленетін абонеттік төлем 1 адамнан				
Жайлы үйлер	62,75	37,25	0	100
Жайлы емес үйлер	81,21	48,21	0	129,42

Ескерту: ҚҚС – қосылған құн салығы;
м3 - текше метр.